

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ақмола облысы білім басқармасының
Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі»КММ

**Қоғамдық –гуманитар пәндер бірлестігінің
2022-2023 оқу жылындағы
атқарылған жұмыстың мәтіндік есебі**

«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі»КММ
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің
атқарған жұмысының мәтіндік есебі
2022-2023 оқу жылы

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің тақырыбы:

Жаңа технологияларды сабақтастыру арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және өз мүмкіндігін дұрыс пайдалана алатын зерделі тұлғаны тәрбиелеу.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің түйінді мәселесі:

Білім беру үдерісінде жаңартылған білім бағдарламасы аясында белсенді әдістерді меңгере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, өздігінен білім алуға үйрету

Мақсаты: Заманауи білім беру технологияларының элементтерін қолдану арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін жетілдіру, дамыту, сауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Оқушыларға сапалы білім беру;
- Республика, облыс, аудан көлеміндегі озық педагогикалық тәжірибені оқып үйрену;
- Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
- Қабілеті жоғары балалармен жұмыс істеу;
- Бірлестіктегі озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату;
- Жаңа оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін кеңінен қолдану;
- Оқушылардың дәптерінің талапқа сай болуын қадағалау;
- Нормативтік құжаттарды оқу, жүзеге асыру;
- Пән бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру.

Ұйымдастыру іс-әрекетіне:

- ОБ мұғалімдерінің жалпы мінездемесі (білімі, өтілі, санаты, аттестаттаудан өткен мерзімі, біліктілігін жоғарылатуы, өзіндік білімін дамыту тақырыбы, мектепшілік ОБ жұмысына қатысуы);
- Ұстаздардың жеке кәсіби деңгейінің диагностикасы;
- Белгілі бір мерзімге жұмыс жоспары;
- ОБ кәсіби портфолиосын жасау;
- ОБ іс құжаттарын жүргізу

Оқу-әдістемелік бағытқа :

- 1.Білім беру үдерісін талдау;
- 2.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін түрлі әрекеттерді жоспарлау;
- 3.Білім беру жүйесінің түрлі нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу;
- 4.Мектепшілік, ӘБ әдістемелік іс-әрекетіне араластыру арқылы мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін жетілдіру;
- 5.Пәнді оқытудағы қиын тақырыптарды оқыту әдістемесі мен әдістерін бірігіп құру;
- 6.Пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын қадағалап отыру; жаңа әдістемелерді, білім беру үдерісінің технологияларын сынау, қабылдау;

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің мүшелері:

- 1.Қазақ тілінің мұғалімі- Маженова Ж.А.
- 2.Орыс тілінің мұғалімі- Ахметова Д.Т.
- 3.Ағылшын тілінің мұғалімі-Омарова А.А.
4. Кітапханашы-Искакова Б.Ж.
- 5.Тарих және дінтану пәнінің мұғалімі- Бекишов А.Б.
- 6.Тарих пәнінің мұғалімі- Қыдырбеков Б.З.

Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өткенде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімі, сондай-ақ олардың жұмыс нәтижелері есепке алынады. Ағымдағы оқу жылында жоспарлы түрде курстық даярлықтан өткен мұғалімдер саны 100%. 2016 жылы Кембридж университеті бағдарламасы бойынша курсынан өтіп, ағылшын тілі мұғалімі Омарова А.А. III деңгейлі, 2017 жылы қазақ тілі мұғалімі Маженова Ж.А. I деңгейлі сертификаттары мен куәлігін алды. Облыстың жоғары оқу орындарына: ПШО, «Өрлеу» қашықтықтан онлайн форматта мұғалімдерді курстарды оқу мүмкіндігі қолданылды. Аттестаттаудан өтудің перспективті жоспарына сәйкес мұғалімдер жоспарлы түрде біліктілік деңгейін арттырды, яғни 42 % құрайды. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Маженова Жамал Айдарбековнаға «Педагог-сарапшы» санаты 2018 жылы берілді, ағылшын тілі мұғалімі Омарова Айгерім Амангелдыновнаға «Педагог-сарапшы» санаты 2019 жылы берілді, орыс тілі мұғалімі Ахметова Дидар Тлеугабыловнаға «Педагог-сарапшы» санаты 2020 жылы берілді. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде барлық пән мұғалімдері біліктілік арттыру курсынан өтті.

№	Пән мұғалімдер саны	«Педагог-сарапшы»	I санатты	Санатсыз
1	6	3	2	1

Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебінде Алаш ардақтысы, қазақ әліппесінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен сәйкес келген «Ахмет және тіл тағылымы» атты тілдер онкүндігі өтті.

Онкүндік аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары оқушыларға мемлекеттік тілдің және орыс, ағылшын тілдерінің, қоғамдағы

үштілділіктің маңызын, бірнеше тілді қатар игеру арқылы туған жерімізді сүйуге, бірлікке, ел тарихын білуге, елімізді өркендетуші білімді ұрпақ тәрбиелеу, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, жеріне деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Осы орайда қазақ тілі пән мұғалімінің ұйымдастыруымен **«Аханның айшықты ойлары»** атты «Ең сауатты оқушы» тақырыбында оқу сауаттылық күні 2-9- сыныптар арасында диктант байқауы, **«Жүзден- жүйрік, мыңнан-тұлпар»** Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері 5-6- сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы болса, **«Тіл – кемел болашақ тұғыры»** деген тақырыпта мақал-мәтел 1-4--сыныптар аралығында мақал-мәтел байқауы ұйымдастырылды **«Ахмет –асыл дарын, алтын тұлға, ұлттың ұлы көсемі»** атты қорытынды кеш өтті. Апталық соңында оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды



Тіл мерекесінің онкүндігі

Қыркүйектің 23-і күні республикалық оқырмандар сайысының аудандық кезеңінде 6-сынып оқушысы Қалымжан Бекзат II дәрежелі дипломмен және сыйлықпен марапатталды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Маженова Ж.А.



Қазанның 14-і күні аудандық «Батырлар жырын» оқу сайысы өтті. Сайысқа мектептен бес оқушы қатысты-6-сыныптан Қалымжан Бекзат, Айтмағанбет Гүлім, 7-сыныптан Зұлқарнай Еркежан, Есет Мөлдір, Сағынтай Гүлназ. 6-сынып оқушысы Айтмағанбет Гүлім II дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен


марапатталды.7-сынып оқушысы Зұлқарнай Еркежан III дәрежелі дипломмен және мәнерлеп оқығаны үшін ерекше сыйлықпен марапатталды.Қалаған үш оқушыға қатысқаны үшін мадақтама грамота мен «Батырлар жыры» сыйға берілді. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Маженова Ж.А.



Зұлқарнай Еркежан III орын
7-сынып



Айтмағанбет Г. II орын
6-сынып




Сағынтай Г.,Есет М.,
Қалымжан Б.6-сынып




14.10.2023 оқу жылы «Елікті ОМ»

Қазанның 28-і күні сағат 15.00.-де аудандық қашықтықтан Ахмет Байтұрсыновтың 150, Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдығына арналған викториналық сұрақтар байқауы өтті.9-сынып оқушысы Сұлтанбекова Айдана қатысты.Жетекшісі Маженова Ж.А.



9-сынып.Сұлтанбекова А.

6- сынып оқушысы Қалымжан Бекзат Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына арналған аудандық “Дулат оқулары” байқауына қатысып I орын алды.



Қалымжан Бекзат

Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына арналған аудандық
“Дулат оқулары” байқауының I орын иегері

Мектепшілік пән олимпиадасы өтті: қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, тарих пәндерінен. Аудандық олимпиадаға ағылшын тілінен 5-сынып оқушысы Сұлтанбекова Махаббат қатысып 2-орын алды, орыс тілінен 6-сынып оқушысы Қалымжан Бекзат қатысып алғыс хатпен марапатталды.



Аудандық ағылшын тілі олимпиадасының 2-орын иегері 5-сынып оқушысы
Сұлтанбекова Махаббат

Тоқсандық жиынтық бақылау 5-9-сынып оқушыларынан алынып, тоқсандық бағалары қойылды. Қарашаның үші күні қоғамдық гуманитар пәндер бірлесітігінің отырысы өтті. Қарашаның 14-і күні 6-сыныпта қазақ тілінен «Астана қаласы. Неологизм» атты ашық сабақ өтті. Өткізген Маженова Ж.А. Сыныпта төрт оқушы бар. Оқушылар тапсырманы жұппен, топпен, өздігінен орындады.

Тапсырмалар өмірмен байланысты.Сабақ мақсатына жетті.Сабақтың құрылымы жақсы құрылған.Кері байланыс жасалды.Барлығы сабаққа белсенді қатысты.



6-сынып қазақ тілінен ашық сабақ.

Қарашаның 18-і күні аудандық «Бала би» шешендік өнер сайысына 7-сынып оқушылары Зұлқарнай Еркежан мен Есет Мөлдір қатысты.Қатысқаны үшін мадақтама грамотасымен марапатталды.



7-сынып оқушылары Зұлқарнай Еркежан, Есет Мөлдір

Желтоқсанның сегізі күні 5-9-сыныптар арасында сыныптан тыс сабақ өтті.Тақырыбы «Қызықты қазақ тілі әлемі», түрі интеллектуалды сайыс.Мақсаты: оқушылардың білімдерін қайталау, жинақтау, іздену және пәнге қызығушылығын арттыру



7-8-сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде орыс тілі және әдебиет пәнінен 7-сынып оқушысы Қалымжан Ақерке 2-орын алды



Аудандық Абай оқуларынан 3 орын иегері 9-сынып оқушысы Фазылжан Әбілмансұр .Жетекшісі қазақ тілі пәнінің мұғалімі Маженова Ж.А.



«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінде «Бейнелеушілер» бағыты бойынша ІІІ орын алған 7-сынып оқушысы
Қалымжан Ақерке



6-сынып оқушысы Қалымжан Бекзат аудандық «Зерде» ғылыми жобадан ІІІ орын алып облысқа жолдама алды. Жетекшісі ағылшын пәнінің мұғалімі Омарова А.А.



«Аудан жұлдыздары» дарынды балаларды марапаттауда аудандық білім бөлімінің Алғыс хаты мен сыйлықты 6-сынып оқушысы Қалымжан Бекзат алды. Мектеп бойынша аудандық, облыстық ең көп байқауға қатысқан жүлделі орын иегері

Оқу жұмысы

2022-2023 оқу жылының I,II жартыжылдық бойынша қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, тарих пәндерінен оқушылардың білім сапасы
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Маженова Ж.А.

Қазақ тілі

Сынып	I жартыжылдық	II жартыжылдық
5	75	75
6	75	75
7	57,14	57,14
8	100	100
9	100	100

I жартыжылдық білім сапасын II жартыжылдық білім сапасымен салыстырмалы сараптама жүргізсек, мынадай білім сапасының көрсеткішін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.

Қазақ әдебиеті

Сынып	I жартыжылдық	II жартыжылдық
5	75	75
6	75	75
7	57,14	57,14
8	100	100
9	100	100

I жартыжылдық білім сапасын II жартыжылдық білім сапасымен салыстырмалы сараптама жүргізсек, мынадай білім сапасының көрсеткішін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Омарова А.А.

Ағылшын тілі

Сынып	I жартыжылдық	II жартыжылдық
5	75	75
6	75	75
7	57,14	57,14
8	100	100
9	100	100

I жартыжылдық білім сапасын I жартыжылдық білім сапасымен салыстырмалы сараптама жүргізсек, мынадай білім сапасының көрсеткішін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахметова Д.Т.
I және II жартыжылдық білім сапасының салыстырмалы сараптамасы

Орыс тілі мен орыс әдебиеті

Сынып	I жартыжылдық	II жартыжылдық
5	75	75
6	75	75
7	57,14	57,14
8	100	100
9	100	100

I жартыжылдық білім сапасын **I жартыжылдық** білім сапасымен салыстырмалы сараптама жүргізсек, мынадай білім сапасының көрсеткішін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.

Тарих пәнінің мұғалімі Қыдырбеков Б.З., Бекишов А.Б.
I жартыжылдық білім сапасының салыстырмалы сараптамасы

Тарих

Сынып	I жартыжылдық	II жартыжылдық
5	75	75
6	75	75
7	57,14	57,14
8	100	100
9	100	100

Бірінші жартыжылдық білім сапасын екінші жартыжылдық білім сапасымен салыстырмалы сараптама жүргізсек, мынадай білім сапасының көрсеткішін байқауға болады. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.

Кесінді бақылау көрсеткіші мен білім сапасын салыстырсақ, көрсеткіштің төмендегенін байқаймыз. Логикалық тапсырмаларды орындау оқушыларға қиындық туғызды, уақыт тапшылығы сезілді.

Туындаған қиындықтар:

1. Кейбір оқушылардың оқу материалдарын, қиын тақырыптарды игере алмауы.

Шешу жолдары: нашар оқитын балаларды қадағалауды, қосымша жұмыс жасауды жалғастыру, ата-аналармен тығыз байланыста болу.

Диктанттар сараптамасы бойынша оқушылардың жіберген келесі орфографиялық, пунктуациялық қателері анықталды: әріптерді тастап кету немесе ауыстырып жазу, сөйлемдердегі сөздерді бөліп жазу, дұрыс тасымалдамау.

Шешу жолдары:

Өткен, толық игере алмаған тақырыптарды қайталау;

Төмен баға алған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу;

қатесіз жазып үйрету мақсатында алдын-алу жұмыстарын жүргізу; орфографиялық, пунктуациялық қателерді жібермеу үшін жаттығу жұмыстарын орындау;

жаңа сөздерді өту барысында олардың жазылуына оқушылардың назарын аудару

Дарынды оқушылармен жұмыс
Оқушылардың шығармашылық жұмыстары

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Тақырып	Нәтиже	Оқу жылы
1	Зұлқарнай Аян	5	«ЭКО өмір»-2022 «Туған өлкенің бояулары»	I орын	2022-2023
2	Сұлтанбекова Махаббат	5	«ЭКО өмір»-2022 «GREEN OASES»	II орын	2022-2023
3	Қалымжан Бекзат	6	Аудандық оқырмандар сайысы	II орын	2022-2023
4	Қалымжан Бекзат	6	Аудандық «Дулат оқулары»	I орын	2022-2023
5	Қалымжан Бекзат	6	Облыстық «Дулат оқулары»	Сертифика т	2022-2023
6	Айтмағанбет Гүлім	6	Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу	II орын	2022-2023
7	Зұлқарнай Еркежан	7	Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу	III орын	2022-2023
8	Есет Мөлдір	7	Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу	Мадақтама	2022-2023
9	Сағынтай Гүлназ	7	Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу	Мадақтама	2022-2023
10	Қалымжан Бекзат	6	Аудандық Қобыланды батыр жырын жатқа оқу	Мадақтама	2022-2023
11	Зұлқарнай Еркежан, Есет Мөлдір	7	Аудандық «Бала би»	Мадақтама	2022-2023
12	Сұлтанбекова Айдана	9	Ахмет Байтұрсынов 150жас, Ғабиден Мұстафин 120 жыл Аудандық викторина байқауы	сертифика т	2022-2023
13	Сұлтанбекова Махаббат	5	Аудандық олимпиада 5-6-сынып. Ағылшын тілі	II орын	2022-2023
14	Қалымжан Ақерке	7	Аудандық олимпиада 7-8-сынып. Орыс тілі	II орын	2022-2023
15	Қалымжан Ақерке	7	Жарқын болашақ-2023	III орын	2022-2023
16	Қалымжан Бекзат	6	Аудандық «Зерде» ғылыми жоба	III орын	2022-2023

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің рейтингісі:

Келесі мәселелер бойынша рейтингтік көрсеткіштердегі оң динамика:

Қойылымдар	4
Баспа шығарылымдар	2
Ашық сабақтар	6
Ғылыми жобалар сайысының қатысушылары мен жеңімпаздары	1
Конференция қатысушылары мен жеңімпаздары	
Байқаулар, сайыстар	16
Авторлық бағдарламалар	-
Дидактикалық материалды жүйелеу	6
Әдістемелік жұмысқа байланысты қоғамдық тапсырма	6
Жеке сайты болу	4
Курстар	100
Сабаққа қатысу	6

Осы уақытта шешілмеген мәселелер бар:

- аудандық және облыстық деңгейдегі сайыстар мен байқаулар алдындағы мектепшілік жарыстарды өткізуге назар аудару қажет;
- жоспарға енгізілген жұмыстарды уақытында өткізуге талап қою;
- сабақтан тыс қоғамдық жұмыстардың маңызын арттыру;

Ұсыныс:

- 1.Пән мұғалімдері баспа шығарылымдарға өз жұмыстарын берсін
 - 2.Пән мұғалімдері қабілетті-дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі түрде жүргізісін
 - 3.Конкурстар мен ғылыми жобаларға тарту қолға алынсын
 - 4.Авторлық бағдарлама жасауға қатыссын
- аудандық пәндер олимпиадасына 5-9-сынып оқушыларын жыл басынан бастап дайындау пәндер мұғалімдеріне жүктелсін

ҚГПБ жетекшісі:Маженова Ж.А.

